



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 м 18 қаңтар

НҰР-СҰЛТАН қаласы

№ 24

город НУР-СУЛТАН

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында Жастар ісі жөніндегі комитеттің, «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубының, Қызығушылықтар бойынша клубтар жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығын іске асыру жөнінде шаралар қабылдау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бұйрыққа қоса беріліп отырған:

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында Қызығушылық бойынша клубтардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж. Оспанова) ссы бұйрықты облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсің.

Министр

А. Аймағамбетов

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрі А. Аймағамбетовтың
2021 жыл 18 қаңтардағы №24 бұйрығы негізінде №13 колледж МКҚК-да
құрылған клубтар туралы мәліметтер**

№	Клуб атауы	Мүшелерінің саны	Жетекшілері	Байланыс
1	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы	18	Бабаев Дартай	87013368331
2	«Болашақ» зияткерлік дебаттық клубы	22	Гулбану Жұмабекова	87021337541
3	«Жасампаздық» клубы	16	Тәжібаев Тұрдыбек	87014433528
4	«Ұлы дала» клубы		Тажибаева Алия	87013371395
5	«Ашық жүрек» клубы		Нысанова Жадыра	87783893091
6	«Саналы ұрпақ» клубы	20	Алдиярова Эльмира	87782249789
7	«Саламатты жастар» клубы	22	Асанова Батыр	87021936228
8	“English club” клубы	18	Ерназарова Жансая	87752054432
9	«Достық» клубы	14	Хашимова Мастура	87763861976
10	Жастар ісі жөніндегі комитет	10	Мамбетов Ербол	87070086754

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Шынаев Нуржигит Нурмағамбетович

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы «18» қантардағы
№ 24 бұйрығына 1-қосымша

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында
Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі
әдістемелік ұсынымдар**

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Әдістемелік ұсынымдар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында Жастар ісі жөніндегі комитеттің қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін (бұдан әрі – Ұсынымдар) айқындайды.

1.2. Жастар ісі жөніндегі комитет (бұдан әрі – ЖІК) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі - ТжКБ) құрылымдық бөлімшесі болып табылады және студент жастардың тыныс-тіршілігінің маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдау мен іске асыруға бағытталған мақсаттарды іске асыру үшін құрылады.

1.3. ЖІК ТжКБ ұйымының басшысы бекітетін ЖІК туралы ереженің негізінде әрекет етеді.

1.4. ЖІК өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ұсынымдарды басшылыққа алады.

2. Жастар ісі жөніндегі комитетінің мақсаттары мен міндеттері

2.1. ЖІК мақсаты - студенттердің азаматтық белсенділігін қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуіне, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі дамыту қабілетін дамытуға жәрдемдесу.

2.2. ЖІК қызметінің міндеттері:

студенттердің құқықтары мен мүдделеріне қорғауға және білдіруге, оның ішінде олардың мүдделерін қозғайтын білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де мәселелерді шешуге жәрдемдесу;

ТжКБ ұйымының басшылығына білім беру міндеттерін шешуге, студенттердің бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға жәрдемдесу;

ТжКБ ұйымының құрылымдық бөлімшелеріне білім беру және тәрбие процесі аясында өткізілетін іс-шараларға ықпал ету;

студент жастарды жастар саясатын қалыптастыруға және іске асыруға тікелей қатысуға тарту;

демократиялық мәдениеттің негіздерін дамыту, жастардың қоғамдық өмірге қатысу қажеттілігін қалыптастыру;

перспективалық қоғамдық маңызы бар жастар бастамалары мен бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

ТЖКБ ұйымының қызметі туралы студенттерді ақпараттағдыру;

2.3. ТЖКБ ұйымында ЖІК қызметі өңірдің, ТЖКБ ұйымының ерекшелігін ескере отырып анықталатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталуы мүмкін.

3. Жастар ісі жөніндегі комитетінің құрылымы

3.1. ЖІК басшылығын ТЖКБ басшысының бұйрығымен тағайындалатын Төраға жүзеге асырады.

3.2. ЖІК төрағадан, ТЖКБ ұйымының студенттік ортасы көшбасшыларының қатарынан тұрады.

3.3. Төраға:

ЖІК қызметіне басшылық жасайды және ЖІК жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауап береді;

өз мүшелер арасында міндеттерді бөледі және олардың қызметін үйлестіреді;

өз міндеттерін орындау кезінде ТЖКБ басшылығы берген құқықтарды пайдаланады.

4. Жастар ісі жөніндегі комитеттің қызметі

4.1. ЖІК қызметі ТЖКБ ұйымында әр түрлі пікірлер мен мүдделерді білдіру арнасы болып табылады, сл арқылы студенттер ақпарат алады және қабылданған және қабылданған шешімдер туралы өз пікірлерін білдіреді.

4.2. ЖІК және ТЖКБ ұйымы басшылығының қызметі өзара толықтырушы сипатқа ие, бұл олардың өзара іс-қимылға негізделген ынтымақтастығын болжайды.

4.3. ЖІК төрағасы басшының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісілген оқу жылына арналған ЖІК жұмыс жоспарын ТЖКБ басшысына бекітуге ұсынады.

4.4. ЖІК қызметін жоспарлау колледждің жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

4.5. ЖІК мынадай бағыттар бойынша секторлар құрамын қалыптастырады және бекітеді:

элеуметтік саясат және волонтерлік бағдарламалар;

ақпараттық-медиалық даму;

инновациялық даму және зияткерлік бағдарламалар;

спорттық-сауықтыру бағдарламалары;

құқықтық білім және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет;

шығармашылық-демалыс бағдарламалары және дебаттық жобалар.

4.6. ЖІК төрағасы ТжКБ ұйымдарының барлық алқалы органдарының жұмысына қатысады.

4.7. ЖІК отырыстарында жастардың қызметіне қатысты барлық мәселелерді қарайды, колледждің студенттік бірлестіктерінің баяндамаларын, есептерін тыңдайды.

4.8. ЖІК мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен байланысты жүзеге асырады.

4.9. ЖІК өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ЖІК отырыстарының хаттамаларымен ресімделген шешімдерді қабылдайды.

5. Жастар ісі жөніндегі комитеттің құқықтары мен міндеттері

5.1. ЖІК мыналарға құқығы бар:

ТжКБ студенттерінің мүдделерін қозғайтын ережелерді, жұмыс жоспарларын әзірлеуге және жетілдіруге қатысу;

білім беру процесінің сапасын бағалауға қатысу, студенттердің ғылыми және кәсіби мүдделерін ескере отырып, оны оңтайландыру, оқу сабақтарының кестесін, емтихандарды өткізу кестесін түзету, өндірістік практиканы ұйымдастыру, студенттердің өмірі мен демалысын ұйымдастыру бойынша колледждің басқару органдарына ұсыныстар енгізу;

студенттердің мүдделерін қорғайтын әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешу;

студенттердің ТжКБ ұйымдарында, сондай-ақ студенттік жатақханаларда оқу тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін бұзуына байланысты мәселелерді қарауға қатысу;

оқу және оқудан тыс қызметтің әртүрлі салаларындағы, оның ішінде ЖІК қызметіне және ТжКБ ұйымының қоғамдық өміріне белсенді қатысатын жетістіктері үшін студенттерді көтермелеу жүйесін әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

ТжКБ ұйым басшылығынан белгіленген тәртіппен ЖІК қызметі үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

студенттердің ТжКБ ұйымының материалдық-техникалық базасы мен кабинеттерін пайдалану мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізу;

студенттердің және ЖІК мүшелерінің құқықтары мен бостандықтары бұзылған және шектелген жағдайда ТжКБ ұйымының басшылығына құқықтарды қалпына келтіру және шара қолдану жөнінде ұсыныс жасау;

студенттердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін наразылықтың заңды нысанларын анықтау және пайдалану;

ТжКБ ұйымының оқудан тыс іс-шараларын жоспарлауға, дайындауға, жүргізуге және талдауға тікелей қатысу

5.2. ЖІК міндетті:

ТжКБ ұйымының жарғысы және ішкі тәртіп ережелерін орындау бойынша студенттермен жұмыс жүргізу;

ТжКБ ұйымының басшылығына білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша көмек көрсету;

ЖІК-ке келіп түсетін студенттердің барлық өтініштері мен талаптарын белгіленген тәртіпте уақытылы қарау;

ЖІК Ережесіне және оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізу;

студенттердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау;

қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды, сондай-ақ студенттердің демалысы үшін жағдай жасауға жәрдемдесу;

ТжКБ ұйымының басшылығы, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, өзге де ұйымдар мен мекемелер алдында студенттердің мүдделерін білдіру және қорғау;

тиісті деңгейдегі ТжКБ ұйымының басшылығын өз қызметі туралы хабардар ету.

6. Жастар ісі жөніндегі комитеттерінің қызметін қамтамасыз ету

ТжКБ ұйымының басшылығы ЖІК қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасайды, үй-жайларды (кабинеттерді), байланыс құралдарын, ұйымдастыру техникасын және басқа да қажетті материалдарды өтеусіз пайдалануға береді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы «18» қантардағы
№ 24 бұйрығына 2-қосымша

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында
«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубының жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі әдістемелік ұсынымдар**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі - Ұсынымдар) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында (бұдан әрі - ТЖКБ) «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубын қалыптастыру және оның қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2. «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубы (бұдан әрі – ӘПК) - әскерге дейінгі жастардың әскери-патриоттық тәрбиелеу нысандарының бірі.

1.3. ӘПК қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының жастар саясаты саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, ТЖКБ ұйымының Жарғысына және осы Ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

1.4. ӘПК қызметіне жалпы басшылықты және үйлестіруді Бастапқы-әскери және технологиялық даярлық оқытушысы (бұдан әрі - ӘПК басшысы) жүзеге асырады.

1.5. Жұмыс жоспары, клуб қатысушыларының тізімін ӘПК басшысының ұсынысы бойынша ТЖКБ ұйымы басшысының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді.

1.6. ӘПК-тің өз туы, рәмізі, киім нысаны (тудың, рәміздің сыртқы түрі мен мазмұны «Жас Сарбаз» республикалық балалар-жасөспірімдер қозғалысының өңірлік филиалымен (штабымен) келісіледі) болуға тиіс.

2. Әскери-патриоттық клубтың мақсаты мен міндеттері

2.1. ӘПК мақсаты өскелең ұрпақтың бойында жоғары азаматтық белсенділікті, патриотизмді, рухани-адамгершілік дамуды тәрбиелеу, Отан алдында жеке тұлға мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және жастар арасында дене шынықтыру мен әскери-қолданбалы спорт түрлерін танымал ету болып табылады.

2.2. Негізгі міндеттер:

адамгершілік және патриоттық тәрбие саласындағы мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;

жастарды әскери қызметке даярлауға жәрдемдесу;

әскери-қолданбалы спорт түрлерінің техникалық дамуы;

зияткерлік және дене белсенділігін дамыту, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау;

Қазақстанның әскери-тарихи мұрасын зерттеу және сақтау;

әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша ӘПК базасында бұқаралық және ағарту жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Әскери-патриоттық клубтың негізгі бағыттары

3.1. Қызметі жастарды әскери-патриоттық, рухани-адамгершілік және дене тәрбиесіне бағытталған ұйымдармен, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.

3.2. Мемлекеттің қсрғаныс саласындағы рөлі туралы, елдің Қарулы күштері мен өзге де күш құрылымдары туралы түсінік қалыптастыру, Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі өзінің қасиетті борышын орындауға дайындық.

3.3. Тәрбиеленушілердің күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін меңгеруі, Төтенше жағдайлар мен төтенше жағдайларда (дүлей апаттар, авариялар, апаттар, қарулы қақтығыстар және т.б.) іс-қимылдарға дайындалуы бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру.

3.4. Әскери-техникалық мамандықтарды меңгеру үрдісінде көмек көрсету мақсатында Қарулы Күштердің түрлері мен тектерінің атыс қаруы мен жауынгерлік техникасы туралы түсінік қалыптастыру.

3.5. Қазақстан тарихы туралы білімді қалыптастыру, әлкетану, мемлекеттің әскери-тарихи мұрасы.

3.6. Әскери-спорттық және жас армиялық ойындарды, жарыстарды, экскурсияларды, жорықтарды, көрсетілім қойылымдарын, көрмелерді өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыру.

3.7. Қайырымдылық жобаларына, оның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысушыларға, республиканың Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ардагерлеріне қамқорлық көмек көрсету арқылы қатысу.

3.8. Студент жастарды шақыруға дейінгі даярлауды жақсарту.

3.9. «Жас Сарбаз» республикалық балалар-жасөспірімдер қозғалысының өңірлік филиалымен (штабымен), ішкі істер, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар органдарымен шақырылуға дейінгі жастардың азаматтық жауапкершілігін және патриотизмін қалыптастыру бойынша өзара іс-қимыл жасау.

4. Әскери-патриоттық клуб қызметіне басшылық ету

4.1. ТЖКБ ұйымы басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

ТЖКБ ұйымының аумағында ӘПК құру және қалыптастыру жұмысын ұйымдастырады;

оқушыларды патриоттық тәрбиелеу жоспарлары мен бағдарламаларын орындау бойынша педагогтердің қызметін үйлестіреді;

әскери-патриоттық іс-шараларды өткізу кезінде ӘПК қызметін бақылайды;

өткізілетін іс-шаралардың бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және интернет-ресурстарда жариялануын ұйымдастырады.

4.2. Клуб жетекшісі:

осы Ұсынымдарға сәйкес клубқа тікелей басшылықты жүзеге асырады;

жұмыс жоспары мен кестесін жасайды;

әскерилендірілген эстафеталар, ойындар, спорттық жарыстар, ссғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер ұйымдастыруға, мерекелер өткізуге, басқа ұйымдармен байланыс орнатуға жауап береді;

ӘПК мүдделерін қорғайды.

5. Әскери-патриоттық клуб тәрбиеленушілерін қабылдау және есепке алу тәртібі

5.1. ӘПК қатысушыларды қабылдау ТЖКБ ұйымы студентінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Қабылдау салтанатты жағдайда жүзеге асырылады.

5.3. Қатысушы ӘПК басшысына жазған өтініші негізінде ерікті түрде ӘПК құрамынан шыға алады.

6. Әскери-патриоттық клуб қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

6.1. ӘПК қатысушысы құқылы:

ӘПК өткізетін барлық іс-шаралар мен қызмет түрлеріне қатысу;

белгіленген тәртіпке сәйкес көтермелеу;

ӘПК қызметіне ұсыныстар енгізу;

басқа оқушыларды ӘПК жұмысына тарту;

өз қалауы бойынша ӘПК-дан еркін шығу.

6.2. ӘПК қатысушысы:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, ӘПК Жарғысын, осы Ережені қатаң сақтауға;

клубтың барлық іс-шараларына белсенді қатысуға және бастама көтеруге;

ӘПК мақсаттары мен міндеттерін орындауға өз үлесін қосуға;

ӘПК беделіне қамқорлық жасау және оның қызметін насихаттау;

ӘПК мүлкіне және материалдық-техникалық базаларға ұқыпты қарауға;

ӘПК-да белгіленген қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға, өз денсаулығына және басқа адамдарға зиян келтіруге жол бермеуге;

Қазақстанның Әскери-тарихи мұрасына құрметпен қарауға міндетті.

7. Әскери-патриоттық клубтың қызметін қамтамасыз ету

ТЖКБ ұйымының басшылығы ӘПК қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасайды, үй-жайларды (кабинеттерді), байланыс құралдарын, ұйымдастыру техникасын және басқа да қажетті материалдарды өтеусіз пайдалануға береді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы «18» қаңтардағы
№ 24 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында Қызығушылықтары бойынша клубтардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Ұсынымдар) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында (бұдан әрі - ТЖКБ) қызығушылықтар бойынша клубтарды қалыптастыру және олардың қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Қызығушылықтары бойынша клубтар (бұдан әрі – Клуб) студенттердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің мәдени, зияткерлік, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылған студенттердің бағыттары мен қызығушылықтары бойынша бірлестіктер болып табылады.

1.3. Клубтар колледж студенттерінің тұрақты бірлестіктері ретінде құрылады және Клубтар отырысында қабылданған ереже негізінде жұмыс істейді.

1.4. Клубтар білім алушылардың тұрақты және ауыспалы құрамымен құрылады. Әрбір студенттің осы Ұсынымдарға сәйкес Клубта болуға құқығы бар.

1.5. Клуб өзіндік атауына, нышандарына, эмблемасына, бланкіне сондай-ақ жеке сәйкестердіру құралдарына ие.

1.6. Клубтар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ұсынымдарды басшылыққа алады.

2. Қызығушылықтар бойынша клубтардың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Клубтардың мақсаты студенттердің жеке өзін-өзі анықтауы және зияткерлік дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ мәдени бос уақытты ұйымдастыру болып табылады.

2.2. Клуб қызметінің міндеттері:

1) жастардың әлеуметтік, этносаралық бейбітшілікке, әріптестік пен келісімге ұмтылысын дамыту үшін жағдай жасау;

2) студенттердің белсенді азаматтық ұстанымдарын, олардың әлеуметтік жетілуін, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі дамыту қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу;

3) зияткерлік ойындарды студенттерге білім беру және тәрбиелеу үдерістеріне ықпал ету әдісі ретінде танымал ету;

4) жастар арасында ЭКО-әдеттерді қалыптастыруға бағытталған экологиялық тәрбие жүйесін енгізу.

3. Қызығушылықтар бойынша клубтардың құрылымы

3.1. Клубтарға басшылықты оқытушылар, кураторлар, тақырыптық бағыттағы өндірістік оқыту шеберлері қатарынан ТЖКБ ұйымының басшылығы тағайындайтын үйлестірушілер (бұдан әрі-Үйлестіруші) жүзеге асырады.

3.2. Клубтардың қатысушылары студенттер, педагогтер болып табылады. Клубтардың жұмысына студенттермен және олардың ата-аналарымен немесе басқа да заңды өкілдерімен бірге ТЖКБ ұйымының басшысының келісімі мен шарттары болған жағдайда негізгі құрамға қоспай қатыса алады.

3.3. Клубтар оқу жылына құрылады. Кіру және шығу тәртібі-хабарлама (студент Клубқа қосылу немесе шығу ниеті туралы хабарлайды).

4. Қызығушылықтар бойынша клубтардың қызметі

4.1. Клубтардың қызметі ТЖКБ ұйымының басшысының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының (бұдан әрі - ОТЖ жөніндегі орынбасары) бақылауымен жүзеге асырылады.

4.2. Үйлестіруші:

клуб қызметін басқарады;

қатысушылар арасында міндеттерді бөледі;

өз міндеттерін орындау кезінде ТЖКБ ұйымының басшылығы ұсынған құқықтарды пайдаланады.

4.3. Клуб үйлестірушісі оқу жылына арналған ереже мен жұмыс жоспарын колледж басшысының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына бекітуге ұсынады. Клубтардың қызметін жоспарлау студенттер үшін қолайлы режим жасауды, ата-аналардың тілектерін ескере отырып, сондай-ақ білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес ТЖКБ ұйымының жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

4.4. Клуб қызметі жастар ісі бойынша Комитет пен басқа да студенттік бірлестіктер және құрылымдармен бірлесіп әрекеттесуге бағытталады.

5. Қызығушылық бойынша клубтардың бағыттары

5.1. Клубтар келесі бағыттар бойынша құрылады:

1) Зияткерлік клуб-студенттер арасында толеранттылықты, шешендік өнерді және студенттік жастардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал ететін жаппай зияткерлік қозғалысты ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған.

Клуб жұмысын ұйымдастыру нысандары:

студенттік зияткерлік бос уақытты (сыйындарды) ұйымдастыру барысында «Дебаттар», «Не? Қайда? Қашан?», «Брейн ринг», «КТК», «Ойын», «Интеллектуалды триатлон» т.б;

Startup жобалары және IT идеялар құруға қабілеттер қалыптастыру;

басқа мемлекеттер, аймақтар білім беру ұйымдарының Клубтарымен достық, зияткерлік, шығармашылық қарым-қатынастар қалыптастыру;

зияткерлік сайыстар ұйымдастыру тақырыбына арналған семинар, слет, чемпионат, жаттығу, білім беру жобалары және басқада шаралар ұйымдастыру;

әр түрлі нысандағы зияткерлік ойындар ұйымдастыруға арналған ақпарат басып шығару;

зияткерлік ойындарды алға тартуда жаңа технологияларды қолдану;

жастардың бос уақытын өткізу шараларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мектеп оқушылары мен студенттері және басқа да білім беру ұйымдарының жастары қатысатын Республикалық дебат қозғалысының жұмысына қатысу;

ТЖКБ ұйымының интернет ресурсында Клуб «парақшасын» құру және жетілдіру, әлеуметтік желілер және бұқаралық ақпарат құралдарында өз қызметтерін белсенді жариялау.

2) Жасампаздық клуб – студенттерді шығармашылық өмірге және көркем өнерпаздыққа баулуға, ән айту, билеу, сурет салуды жақсы көретін жан-жақты студенттерге жағымды жағдай жасауға бағытталған.

Клуб жұмысын ұйымдастыру түрлері:

ТЖКБ ұйымдарында мереке, мәдени шаралар өткізу;

әлеуметтік желілердің ресми парақшаларына студенттердің бастамалары, жаңалықтары, мазмұн сапасын арттыру туралы ақпарат беру. Бұл жаңа ақпаратты сауатты жазу дағдылары мен білімдерін қалыптастырудың бір жолы;

студенттердің көркем шығармашылық фестивальдерге қатысуы.

3) «Ұлы дала» Клубы – студенттердің азаматтық белсенділігін арттыру, ұлттық бірегейлікті, тарихи, мәдени және табиғи мұраларды анықтау және сақтауға бағытталған (Үйлестірушіге белсенді азаматтық ұстанымы бар оқытушы, өндірістік оқу мастерін тағайындау ұсынылады).

Клуб жұмысын ұйымдастыру түрлері:

Қазақ халқының, Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің мәдени мұрасы, салт-дәстүрлерін танытатын экспедиция, өлке танытатын экскурсиялар ұйымдастыру;

ТЖКБ ұйымдарының студенттеріне ғылым және мәдениет, әдебиет және өнер қызметкерлерімен, мемлекет және қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру;

ТЖКБ ұйымдарының студенттеріне «Мұражайда бір күн» жоба аясында мұражай қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру;

студенттердің назарын кітап оқуға аудару, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, жаңа кітаптар және өзекті мәселелер жөнінде ой қозғауға баулу;

ТЖКБ ұйымдары студенттері әлеуметтік, жастардың бастамашыл жобаларын іске асыруға қатысуын ұйымдастыру, қоғамдық қарларымен және үкіметтік емес ұйымдарымен өзара әрекеттесу;

ТЖКБ ұйымдарының студенттерін жобаларға қатысуын ұйымдастыру, қоғамдық ұйымдар және үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттесу;

ата-аналар, қоғамдық үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе ұлттық құндылықтар мен отбасылық дәстүрлерді нығайтуға бағытталған «Отбасы әлемі», «Менің отбасым», «Жыл отбасысы» сияқты фестиваль, сайыс, жарыстар өткізу;

ТЖКБ ұйымдарында этнографиялық бұрыштар құру;

ТЖКБ ұйымдарының интернет ресурстарында Клуб «парақшасын» құру және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдарымен әлеуметтік желілерде қызметтерін белсенді жариялау.

4) «Ашық жүрек» клубы - студенттер арасында еріктілік, қоғамдық-пайдалы қызметті дамытуға және танымал етуге бағытталған (үйлестіруші ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар оқытушыны, өндірістік оқыту шеберін тағайындау ұсынылады).

Клуб жұмысын ұйымдастыру нысандары:

жануарлар панасында жұмыс істеуді ұйымдастыру;

экологиялық волонтерлік, студенттерді экологиялық акцияларға қатысуға тарту, оларды табиғат қорғау қызметіне тарту;

студенттерді экологиялық мәдениетке тәрбиелеуге, қоқысты дұрыс кәдеге жаратуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;

халықаралық іс-шараларды (форумдар, универсиадалар, фестивальдар, спартакиадалар) ұйымдастыруға көмектесу;

туризмді дамыту мақсатында экскурсиялық қызметті (мұражайларға, кітапханаларға және қаланың басқа да кәрікті жерлеріне бару) ұйымдастыру кезінде туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға жұмыс істеуге көмек көрсету;

волонтерлермен республикалық және қалалық іс-шараларды өткізу кезінде жергілікті жастар ресурстық орталықтарының жұмысына қатысу;

инклюзивті білім беру;

репетиторлық (тілдер, компьютерлік сауаттылық);

девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмаған балалармен жұмыс;

балалармен, қарттармен және мүгедектермен әлеуметтік жұмыс;

қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік, тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау саласындағы жұмыс;

пациенттерге, қарт адамдар мен мүгедектерге қызмет көрсететін мемлекеттік және жеке Денсаулық сақтау ұйымдарының және басқа да әлеуметтік бағыттағы ұйымдардың жұмысына қатысу;

<https://gazvolunteer.kz/ru> еріктілерінің бірыңғай платформасы арқылы әлеуметтік жобаларды, жастардың бастамашыл жобаларын іске асыруға қатысу, қоғамдық қорлармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

ТЖКБ ұйымдарының интернет ресурстарында Клуб «парақшасын» құру және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдарымен әлеуметтік желілерде қызметтерін белсенді жариялау.

5) «Саналы ұрпақ» клубы - қоғамда да, студенттер арасында да сыбайлас жемқорлық көріністеріне адалдықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, нәлдік төзімділікті дамытуға бағытталған (үйлестіруші ретінде қоғамдық пәндер оқытушысын тағайындау ұсынылады). «Саналы ұрпақ» клубы - қоғамда да, студенттер арасында да сыбайлас жемқорлық көріністеріне адалдықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, нәлдік төзімділікті дамытуға бағытталған (үйлестіруші ретінде қоғамдық пәндер оқытушысын тағайындау ұсынылады).

Клуб жұмысын ұйымдастыру нысандары:

колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыруға студенттер мен оқытушыларды белсенді қосу;

студенттердің де, оқытушылар құрамының да академиялық этикасын арттыруға бағытталған «Таза сессия» акцияларын ұйымдастыру және өткізу;

колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы әлеуметтік, жастардың бастамашыл жобаларын іске асыруға қатысу, қоғамдық қорлармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

ТЖКБ ұйымдарының интернет ресурстарында Клуб «парақшасын» құру және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдарымен әлеуметтік желілерде қызметтерін белсенді жариялау.

6) «Саламатты жастар» клубы-салауатты өмір салтын насихаттауға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған (үйлестіруші ретінде дене шынықтыру мұғалімін тағайындау ұсынылады).

Клуб жұмысын ұйымдастыру формалары:

студенттік спорттық жарыстарды, студенттер арасында ғана емес, сондай-ақ педагогтармен жолдастық кездесулерді ұйымдастыру;

нашақорлықтың, маскүнемдіктің және темекі шегудің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

ұлттық, үстел ойындарын танымал ету;

адамның ұрпақты болу денсаулығын қорғауға бағытталған іс-шараларды жүргізу;

ТЖКБ ұйымдарының интернет ресурстарында Клуб «парақшасын» құру және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдарымен әлеуметтік желілерде қызметтерін белсенді жариялау.

6. Қызығушылықтары бойынша клубтарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

6.1. Клуб қатысушысы:

студентке білім беру ұйымы айқындаған кейбір академиялық кредиттерге сынақ жүргізуге және «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 2013 жылғы 8 тамыздағы № 324 бұйрығымен көзделген шарттарға біржолғы ақшалай төлем алуға мүмкіндік беретін жеке немесе заңды тұлғалардың мүддесінде әлеуметтік-бағытталған, қоғамдық пайдалы қызметті жүзеге асырғаны үшін әлеуметтік студенттік кредит алуға;

кез-келген Клубтың мүшесі болуға;

жастар ісі жөніндегі комитеттің құрамына кіруге;

ТЖКБ ұйымының басқару органдарына, Жастар ісі жөніндегі комитетке студенттердің тұрмысы мен демалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

Клубтың бағыттары бойынша ТЖКБ ұйымының оқудан тыс іс-шараларын жоспарлауға, дайындауға, өткізуге және талдауға тікелей қатысуға құқылы.

6.2. Клуб қатысушысы:

Клуб ережесінің талаптарын орындау;

студенттердің азаматтық белсенділігін, санасын арттыруға, оқу корпустарында және студенттік жатақханаларда оқу тәртібі мен құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған жұмысты жүргізу;

Клуб қызметіне белсенді қатысу;

студенттердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау;

студенттік ортада Клубтың имиджін сақтау.

7. Қызығушылықтар бойынша клубтардың қызметін қамтамасыз ету

ТЖКБ ұйымының басшылығы ӘПК қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасайды, үй-жайларды (кабинеттерді), байланыс құралдарын, ұйымдастыру техникасын және басқа да қажетті материалдарды өтеусіз пайдалануға береді.

Результаты согласования

15.01.2021 18:01:58 Жунусов Е. Г. (Департамент технического и профессионального образования) - - согласовано без замечаний

15.01.2021 18:02:20 Оспанова Н. Ж. (Департамент технического и профессионального образования) - - согласовано без замечаний

15.01.2021 18:04:03 Биекова Б. У. (Управление координации деятельности педагогических работников и

